

Кәсіптік тәжірибені өткізуге арналған

ШАРТ

Ақтау қаласы

№ 1149-23

29.03.2022

«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕ АҚ, бұдан әрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Есенов университеті» деп аталатын, бір жағынан 08-4/125 18.03.2022 ж бұйрықтың негізінде әрекет ететін академиялық жұмыс жөніндегі міндетін атқарушы вице-президенті Макулов К.К. және бұдан әрі екінші _____ және бұдан

жағынан, _____
(Тегі, аты, әкесінің аты)
«Samra Travel»
(Кәсіпорынның толық атауы)

«Кәсіпорын» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін _____
(Кәсіпорын басшысының ТАӘ)
атынан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Тараптар» деп аталушылар бірлесіп осы келісім-шартқа (бұдан әрі – Шарт) төмендегі тәртіппен қол қойды:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1. Есенов университеті білім алушы студенттерді, магистранттарды, докторанттарды Кәсіпорынға:

СВН01 - туризм
(білім беру бағдарламасының шифры және атауы)

СВН03 - РЖТБ
(білім беру бағдарламасының шифры және атауы)

(білім беру бағдарламасының шифры және атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша академиялық күнтізбеге сәйкес Әккерістік респонсе Ақтө
(тәжірибе түрі немесе түрлері)

тәжірибеден өтуге жібереді.

2. Кәсіпорын тәжірибеден өтушілерді білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік тәжірибенің базасымен қамтамасыз етеді.

3. Тәжірибеден өтушілер өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын игереді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Есенов университеті өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) тәжірибеден өтушілерді осы Шартта белгіленген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыру;

2) кәсіптік тәжірибенің бағдарламасын және өтудің күнтізбелік кестесін Кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;

3) Кәсіпорынға кәсіптік тәжірибенің басталуынан екі апта бұрын тәжірибеден өтушілердің санын көрсетіп, кәсіптік тәжірибенің бағдарламасын, тәжірибеден өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;

4) университеттің тиісті білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылар арасынан тәжірибе жетекшілерін Президенттің бұйрығымен бекіту;

5) Кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін тәжірибеден өтушілердің сақтауын қамтамасыз ету;

6) білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес тәжірибеден өтушілердің кәсіптік тәжірибесіне мерзімді бақылау етіп, оның өтуін ұйымдастыру;

7) Кәсіпорынның қызметкерлеріне тәжірибеден өтушілердің кәсіптік тәжірибесін ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;

8) қажеттілік туындаған кезде Кәсіпорынға тәжірибеден өтушілердің оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;

9) жазатайым оқиғаларды, егер олар тәжірибені өту барысында тәжірибеден өтушілердің қатысуымен болған оқиғаларды тергеуге қатысу;

10) кәсіптік тәжірибеден өтуге жіберілген білім алушыларды жеке тапсырмалармен, бағдарламалармен және тәжірибе күнделіктерімен қамтамасыз ету;

11) тәжірибе басталғанға дейін тәжірибеден өтуге жіберілген білім алушылар үшін қажетті дайындық жұмыстарын ұйымдастыру, тәжірибеден өту кезеңінде білім алушылардың негізгі құқықтары мен міндеттерін түсіндіре отырып, олармен (қол қоюымен) алдын ала нұсқау жүргізу.

2. Есенов университеті:

1) тәжірибеден өтушілердің кәсіптік тәжірибесін университеттің болжамдарына сәйкес сапалы ұйымдастырылуын Кәсіпорыннан талап етуге;

2) Университеттің тұрғылықты мекен-жайынан тәжірибе базасының алыс орналасуы кезінде тәжірибеден өтушілерге қажетті тұрмыстық және басқа жағдайлар жасау қарастыруды талап етуге құқылы.

3. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) тәжірибеден өтушілерге жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) (ЖҚК) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда тәжірибеден өтушілерді еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;

2) тәжірибеден өтушілерді Кәсіпорынның жұмыс тәртібінің ережелерімен таныстыру. Тәжірибеден өтушілердің еңбек тәртібін және қауіпсіздік ережелерін бұзу жағдайларын Университеттен бекітілген тәжірибе жетекшісіне уақытылы хабарлау;

3) Университетке академиялық күнтізбеге сәйкес тәжірибеден өтушілердің кәсіптік тәжірибеден өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;

4) осы Шарттың ережелеріне сәйкес тәжірибеден өтушілерді даярлаудың тиісті бағыттары бойынша кәсіптік тәжірибеден өтуге қабылдау;

5) тәжірибенің бағдарламасында қарастырылмаған және тәжірибеден өтушілердің білім беру бағдарламасына қатысты жоқ лауазымдарда тәжірибеден өтушілерді пайдалануға жол бермеу;

6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және тағы басқа) тәжірибеден өтушілердің кәсіптік тәжірибесіне жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;

7) тәжірибеден өтушілердің еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғаларды, сонымен қатар физикалық және психологиялық жәй-күйінің сәйкессіздігі жағдайы бойынша Университетті хабардар ету;

8) тиісті қызметтің бос орны бар болған жағдайда алған ғылыми дәрежесіне сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;

9) тәжірибеден өтушілердің кәсіптік тәжірибенің бағдарламасын толық игеру және олардың жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы кәсіптік тәжірибенің бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;

10) кәсіптік тәжірибе аяқталған соң тәжірибеден өтушілердің жұмысы туралы мінездеме беру және тәжірибеден өту сапасын бағалау.

4. Кәсіпорын:

1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес тәжірибенің білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;

2) Кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;

3) тәжірибеден өтушілердің қорытынды аттестаттауына қатысуға;

4) тәжірибеден өтушілердің ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыруға;

5) Университеттен жұмыс берушілердің болжалдарына сәйкес тәжірибеден өтушілердің сапалы оқытылуын талап етуге;

6) Кәсіпорында тәжірибені сәтті аяқтағаннан кейін тиісті бос орын болған жағдайда білім беру гранты негізінде білім алған түлектің алған ғылыми дәрежесіне сәйкес жұмысқа орналасу үшін кандидатурасын қарауға;

7) тәжірибеден өтушілердің Кәсіпорынның еңбек тәртібін, еңбекті қорғау ережелерін, қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария ережелерін қатаң сақтауды, өз міндеттерін сапалы және уақытылы орындауды талап етуге құқылы.

5. Тәжірибеден өтушілер өзіне мынадай міндеттемелер алады:

- 1) кәсіптік тәжірибе орнында Кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техника ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтау;
- 2) Кәсіпорынның жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарау;
- 3) тәжірибе бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау және орындау;
- 4) тәжірибеден өту үшін белгіленген уақытта Кәсіпорынның қарауына келу;
- 5) тәжірибеден өту барысында және аяқтаған соң Кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеу.

6. Тәжірибеден өтушілер:

- 1) Кәсіпорында бекітілген тәлімгердің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қол жеткізуі мен пайдалануына;
- 2) кәсіптік даярлығын аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткеннен кейін бос орынның болған жағдайда Кәсіпорында оқыту бағыты бойынша жұмысты жалғастыруға;
- 3) кәсіптік тәжірибені өту барысында денсаулыққа зақым келген зиянның өтеуіне құқылы.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПШЕРШІЛІГІ

Тараптар осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес жауаптылыққа жүктеледі.

4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

1. Осы Шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.
2. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

1. Осы Шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.
2. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.
3. Осы Шарт бірдей заң күшімен екі данада жасалды, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТИК РЕКВИЗИТТЕРІ:

«Ш. Есенов атындағы Каспий Кәсіпорын атауы:
технологиялар және инжиниринг
университеті» КЕ АҚ

130003, ҚР, Маңғыстау облысы,

Ақтау қаласы, 32 ш/а

БИН: 930 640 000 430

ИИН: KZ 676010231000005525

БИК: HSBKZZKX

Кбе: 16

МОФ АО «Народный банк»

E-mail: info@yu.edu.kz

Тел.: +7(7292) 788-788 вн 219

Академиялық істер жөніндегі
вице-президенті

(ТАӨ)

(колы)

Кәсіпорын атауы:

Sampa Travel

Мекен-жайы:

24-35

БСН / ЖСН:

180540001833

БСК:

KZIBKZKA

БК:

E-mail:

Тел.:

8702 616 2935

Лауазымы:

директор

(ТАӨ)

(колы)

(ТАӨ)